

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
№51 «Жарқын бала» бөбекжай- балабақшасы МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2025 жылғы «24» «08»
№ 394 бұйрығымен
«БЕКІТІЛДІ»



«Абайла, балақай»
(Мектепалды тобы)
БАҒДАРЛАМАСЫ

Ақтөбе 2025жыл

«Абайла, балақай» атты бағдарламасы Гринцевич Г.В «Жолда жүру ережелерін білу, бәрімізге міндетті» негізінде жинақталып құрастырылды (Аударған МукановаЖ) Көкшетау-2030 ЖШС 2012ж

Құрастырғандар: педогог -модератор: Елеукенова Б.А,
Педагог- модератор:Төлегенова А.М.

«Абайла, балақай» атты бағдарламасы №51 «Жарқын бала» бөбекжа
балабақшасының №1 педагогикалық кеңесінде талқыланды.

Хаттама №1

«Ж» «28» 2025 ЖЫЛ

№51 «Жарқын бала» бөбекжайы

-балабақшасының меңгерушісі

К.Б. Кошмаганбетов



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Абайла, балақай» атты бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

« 27 » « 08 » 2025 жб

Сараптау комиссиясының төрайымы:



М.О. Косымбаева

№51 «Жарқын бала» бөбекжай балабақшасының
тәрбиешілері: Төлегенова Алтынгүл Маманбайқызы;
Елеукенова Ботакөз Абибуллақызының
«Абайла, балақай!» атты бағдарламасына

Пікір

«Абайла балақай!» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балаларға жолда жүру ережесін үйретуді қызықты, тартымды етіп ұйымдастыруға, үйдегі, ауладағы, мектеп аумағындағы, сулы жерлердегі ұшырасып қалатын қауіптерден өз денсаулығы мен өмірін сақтай білуге үйретеді.

Жолда жүру ережесін үйрететін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері бір-бірінен тәжірибеші етіп өткізуге негізделіп құрылған. Көптеген «неге?», «қалай?» деген сұрақтарға балалардың өздері ойланып, дұрыс жауап табуы ұсынылып, балаларға бұл сұрақтың маңызын танытатын маңызды екенін түсіну керектігі қарастырылған. Сол себепті де, тәрбиелік мақсатта зор ертегілер алынған. Сабақтың басты желісі болып алынған ертегілер мектепке дейінгі жастағы балаларға нақты бір жағдайды бастан кешіріп, сезінуге көмектеседі. Ертегі қандай жағдайда не істеуге болмайтынын ұғындыратын тиімді жанр. Осы жанрды танымдық үрдісті жеңіл де қызықты ойынға айналдырудың ең жақсы тәсілі етіп алуы автордың бала жанын түсінетін, педагогикалық тәжірибесінің молдығын көрсетеді.

Бағдарламадағы әрбір тарау тақырыпты ашатын ертегі түріндегі мәтіннен тұрады. Ертегілер Тазша баланың бастан кешкен оқиғаларын баяндай отырып, тақырыптың негізгі идеясын ашады, баланы төңірегінде болып жатқан оқиғаларды талдауға, баға беруге жетелейді.

Бағдарламада балалардың еркін, қауіпсіз әрі қызықты түрде білім алуына кең мүмкіндіктер ашылған. Балаларда жасырын қауіп сезімінің алдын алуға үйрету мақсатында Кошмағанбетова ертегілері қарастырылған. Осы мақсатта балалардың көліктен, көшеден қорқытуды жеңілдету мақсатымен олардың жинақылықты, өзіне сенімділікті, сақтықты арттыруын көзделген.

Шығармашылыққа негізделіп құрылған бұл бағдарламада балалар алған білімдері мен дағдыларын жапсыру, бейнелеу, құрастыру, шағын сахналауларда нақтылай бекітіп отырады.

«Абайла, балақай» атты бағдарламада ұсынылған тақырыптар мектеп жасына дейінгі балалардың жолда, көшеде жүру ережелерін қиындықсыз, қызығушылықпен игеруге негізделіп, ертегі тыңдау, ойнау, шығармашылықпен айналыса ойнау, жарыса жауап беру тәсілдері өте тиімді нақталған.

Бұл бағдарлама балабақша тәрбиешілері мен ата-аналарды да балаларымызға қауіпті қарамай жол көлік оқиғаларын алдын алуға үйрететін, қандай қиын жағдай болса да, баланы сабырлы сақтап, тез әрі тиімді шешім қабылдай білуге үйрететін бағдар беруге арналған ақыл-кеіестер жинақталған құрал деп тануға лайық деп санаймын.

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің доценті,
педогогика ғылымдарының кандидаты.

М.О.Косымбаева

С.Б.Досжанова



Түсінік хат.

Өзіміз өмір сүріп жатқан аймақтың әрбір көшесі әрқайсымыздың бөбектерімізді тәрбиелейді. Себебі, балаларымызды жолда жүру ережесіне үйретуге кейде біздің қолымыз тие бермейді. Көше бойындағы болып жатқан жол апаттарын естіп жүрсек те, біз оған көп мән бере қоймаймыз. Мұндай уақиға басқа біреулердің басынан өтеді, ал біздің баламыз оған душар болмайды деп ойлауға бейім келеміз. Өз балаларымызға немқұрайлы және салғырт қараудың салдары- жол көлік оқиғаларының статистикасында көрсетілген. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жәәне көшеде жүру ережесііне үйрету қажет.

Жолда жүру ережесінің барлық ұйымдастырылған іс-әрекетінде ересек тобының балаларымен кітапша дайындап, оны «Есте сақтаушы – көмекші» деп атау қарастырылып отыр.

«Абайла, балақай!»бағдарламасы мектепалды тобында (5 жас) сағат саны 36, Қолданылу мерзімі -1 жыл.

Бағдарламаның мақсаты:

Балалар жол белгілерін ажыратып, жолда жүру ережесін есте сақтай алады.,

Бағдарламаның міндеттері:

- Балалардың еркін,қауіпсіз әрі қызықты түрде білім алуына кең мүмкіндіктер ашу.
- Балаларды жолдағы жасырын қауіпті сезініп қана қоймай, олардың алдын алуға үйрету.
- Балаларды көліктен, көшеден қорқытуды емес , олардың зейінді , жинақылықты, өзіне сенімділікті,сақтықты арттыруды дамытуды көздеу.

Күтілетін нәтижелер:

- Балалардың қызықты оқиғаларға толы ертегілерді тыңдап, алған әсерлермен өзге әңгімеленушілермен бөлісе білуі.
- Жол белгілері түрлері «Қызмет көрсету белгілері», «Ескерту белгілері», «Тиым салу белгілері», «Рұқсат беруші белгілерді» танып, олардың атқаратын қызметі туралы ажыратып айта білуі.
- Жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың мәдени тәртіп ережелерін сақтай білуі.
- Күнделікті өмірде жолда жүру ережесін саналы түрде қолдану адам өмірі қауіпсіздігі үшін маңыздылығын ұғынуы.
- Алған білімі мен дағдыларын нақтылау мақсатында әр белгіні, ережені бекіте бейнелей, жапсыра , құрастыра, тіпті оқиға кейіпкері кейпіне ене кішігірім сахналау әрекеттерін жүзеге асыра алуы.
- Алған әсерлермен бөлісе жүріп, игерген дағдылары мен алған білімдерінің нәтижесін іс жүзінде көрсете білуі.

Тақырыптық жоспар
(Мектепалды тобы)

№	Тақырыбы	саны
1	Бейнелі техникалар	1
2	Ас үйдегі аласапыран	1
3	Жасанды көл	1
4	Әзәзілдің әрекеті	1
5	Қауіпті таныстық	1
6	Опық жегізер	1
7	Жолаушылар мен жаяу жүргіншілер	1
8	Біз және техника	1
9	Қала көшелерінде	1
10	Бағдаршам сыры	1
11	Велосипедтер мен мотоциклдер	1
12	Арнайы машиналар	1
13	Көше әбігерлікті сүймейді	1
14	Ормандағы қауіптер	1
15	Құс болып ұшайық	1
16	Жаяу жүргінші өтпесі	1
17	Қызмет көрсету белгілері	1
18	Шұғыл бұрылыс	1
19	Ескерту жол белгілері	1
20	Тиым салынатын белгілер	1
21	Рұқсат беруші белгілер	1
22	Жол белгілері	1
23	Алдын ала қойылатын белгілер	1
24	Қай жерде ойнауға болады, болмайды?	1
25	Екі топ арасындағы блиц- турнир	1
26	Жолда жүру ережесінің білімпаздары	1
27	Тұрмыстық техника	1
28	Радио қайда қолданылады?	1
29	Әр түрлі телефондар	1
30	Ғарыш тұңғиығында	1
31	Темір жолмен зырлайық	1
32	Кемелер	1
33	Жұмбақ белгі	1
34	Жануарлар мен адамдар достығы	1
35	Төтенше жағдай	1
36	Достасу мен оқиға соңы	1
	Барлығы	36

Бағдарламма мазмұны (Мектепалды тобы)

1.Бейнелі техникалар: Бейнелі техникалар түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Оларды пайдалану ережелерін қатаң сақтау әдеттерін қалыптастыру.

Отбасында, қоғамдық орындарда әдептілікке тәрбиелеу.

2.Ас үйдегі аласапран: Газдан улану,өрттің алдын алу шаралары туралы мәлімет беру.Үй ішіндегі адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар туралы түсініктерін дамыту.Өзінің және өзгенің денсаулығына мұқият болуға тәрбиелеу

3.Жасанды шөп: Жуынатын бөлмедегі келеңсіз жағдайлардың алдын алу ережелеріне үйрету. Судың адам өмірі мен денсаулығына тигізер зияны туралы түсініктерін дамыту.Ұқыптылыққа , жинақылыққа тәрбиелеу.

4.Өзәзілдің әрекеті: Балконнан, терезеден құлау қаупінің алдын алу шараларын түсіндіру.Шаруашылық құралдары мен құрылыс заттарынан сақтану дағдыларын қалыптастыру.Өзгелерге үлгі болар әдеттерге тәрбиелеу.

5.Қауіпті таныстық:Бейтаныс адамдармен қарымқатынастың қауіптілігі туралы түсінік беру.Зиян әдеттердің адам ағзасы мен өміріне туғызар қаупі туралы білімдерін кеңейту.Сақтықты әдетке айналдыра білуге баулу.

6.Опық жегізер:Аулада, лифтідегі подъезде кездесер қауіптерден сақтана білуге үйрету. Қауіпсіздік ережелерін орындауды әдетке айналдыру дағдыларын дамыту.Өз ерік- жігерін қадағалай білуге тәрбиелеу.

7.Жолаушылар мен жаяу жүргіншілер:Жолда жүру ережесін дұрыс түсініп оны пайдалана білуге үйрету.Балаларға жол белгілерін қайталату арқылы, есте сақтау,шығармашылық қабілеттерін дамыту.Оқушыларды жауапкершілікке, сергектікке, жол ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу.

8.Біз және техника:Техника түрлері туралы білім беру. Техника қалай жасалған, қалай қолданылатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Техника әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу.

9.Қала көшелерінде:Қала көшелеріндегі көліктердің сан алуан екендігі туралы білімдерін жетілдіру. Көшедегі үлкен қозғалыстар, жол белгілері жөнінде білімдерін кеңейту. Қоғамдық көліктерде өзін ұстай білу ережелерін бекіту,мәдениеттіліккебаулу.

10.Бағдаршам сыры:Жол реттеушінің қызметімен таныстыру. Жолда жүру ережесінің адам өмірі үшін қажеттілігі туралы түсініктерін бекіту. Жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

11.Велосипедтер мен мотоциклдер: Велосипедтер және мотоцикл туралы білім беру. Велосипед пен мотоциклге байланысты жол белгілермен таныстыруды жалғастыру. Жолда жүру ережесін сақтай білуге тәрбиелеу.

12.Арнайы машиналар: Жолда жүру ережесін дұрыс түсініп, оны пайдалана білуге үйрету. Балаларға жол белгілерін қайталату арқылы, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.Оқушыларды жауапкершілікке, сергектікке, жол ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу.

13.Көше әбігерлікті сүймейді:Жол белгілері туралы білімдерін кеңейту. Жол белгілерінің атқаратын қызметімен таныстыру. Балаларды көшеде жүру тәртібімен таныстыра отырып, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

14.Ормандағы қауіптер:Табиғат аясында кездесетін қауіп-қатерден сақтана білуге үйрету. Қауіпсіздік ережелерін орындау дағдыларын қалыптастыру.

Қатерлі заттардан аулақ болуға тәрбиелеу.

15.Құс болып ұшайық:Балалардың көлік туралы түсініктерін бекіту, тиянақтау.Балалардың қызығушылықтарын дамыту.Ұшқыштар еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

16.Жаяу жүргінші өтпесі:Балаларға жолда жүру ережесін таныстыру, есте сақтауға үйрету. Күнделікті өмірде жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру. Жол қауіпсіздігін,өз өмірлерін сақтауға тәрбиелеу.

17.Қызмет көрсету белгілері:Қызмет көрсету немесе адамдарға қажетті нысананың қайда екенін көрсететін ақпараттық сілтеуші белгілермен таныстыру. «Алғашқы медициналық көмек пункті», «Тамақтану орны», «Телефон», «Аурухана» жол белгілерінің қызметі туралы білімдерін дамыту.

Жол белгілерін білуге деген қызығушылыққа баулу.

18.Шұғыл бұрылыс:Балаларды «Қауіпті бұрылыс» ескерту жол белгісімен таныстыру. Жол белгісінің түсінігін дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

19.Ескерту жол белгілері:Алдағы қауіп туралы ақпарат беретін ескертуші белгілермен таныстыру. «Жабайы хайуанаттар», «Балалар», «Жаяулар өтпесі», «Құрылыс жүріп жатыр» белгілері туралы түсініктерін дамыту.Аңғарымпаздық қасиетке тәрбиелеу.

20.Тиым салынатын белгілер:Балаларды көшедегі өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйрету. «Жаяу жүргіншілер қозғалысына тиым салынады», «Велосипед қозғалысына», «Кіруге тиым салынады» белгілерінің қызметі туралы білімдерін толықтыру. Жолда жүру ережелерін орындауға, дамытушы ойындар арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

21.Рұқсат беруші белгілер:Белгідегі көрсетілген бейнелердің жүруіне рұқсат берілетін «Рұқсат беруші белгілермен» таныстыру, «Жаяу адам жүруге рұқсат», «Көлікті қоюға рұқсат» жол белгілерінің қызметі туралы білімдерін толықтыру. Үлкенге көмек, кішіге қамқорлыққа тәрбиелеу.

22.Жол белгілері:Жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге арналған жол белгілерімен таныстыру. Ойлау қабілетін дамыту. Жолдағы сақтықты, мұқияттылықты жетілдіруге тәрбиелеу.

23.Алдын ала қойылатын белгілер:«Түзу қозғалыс», «Айналма жол» алдын ала қойылатын белгілермен таныстыру. Олардың атқаратын қызметтері туралы білімдерін пысықтау. Жол белгілерін біліп қана қоймай, оны сақтай білуге тәрбиелеу.

24.Қай жерде ойнауға болады, болмайды?Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Тийым салынған белгілердің қызметі туралы ұғымдарын дамыту.Кішілерге үлгі, қамқор бола білуге баулу.

25.Екі топ арасындағы блиц- турнир:Жолда жүру ережелері бойынша алған білімдерін тексеру. Ойлау қабілеттерін дамыту.Сақтық шараларын сақтауға үйрету.

26.Жолда жүру ережесінің білімпаздары: Жолда жүру ережелері туралы алған білімдерін қорытындылау. Қуанышты көңіл күй арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұжымдық, бір- бірін толықтыра білу қасиеттеріне баулу.

27.Тұрмыстық техника:Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру ауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

28.Радио қайда қолданылады?Радио- байланыс құралы туралы түсініктерін қалыптастыру. Радионың қолданылу аясы туралы білімдерін дамыту. Радио қызметкерлерінің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.

29.Әр түрлі телефондар:Телефон түрлерімен таныстыру. Телефондардың пайдасы және зияны туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлесуде сақтыққа және мәдениеттілікке тәрбиелеу.

30.Ғарыш тұңғығында: Ғарыш айлағы-Байқоңыр, ғарыш кеңістігі туралы білім беру.Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды ептілікке, шыдамдылыққа баулу.

31.Темір жолмен зырлайық:Жер бетіндегі , жер астындағы , қала көшелерінің темір жол көліктеріндегі темір жол көліктерімен таныстыру. «Шлагбаумы бар» және «Шлагбаумы жоқ» темір жол өтпесі белгілері туралы түсініктерін дамыту.

Жол ережесін сақтау, адам өміріндегі қауіпсіздігі үшін маңыздылығын ұғындыру.

32.Кемелер:Ежелгі кемелер және қазіргі заманауи кеме түрлерімен таныстыру.

Адамдардың кемелерді қандай мақсатта пайдаланатыны туралы білімдерін кеңейту. Теңізшілер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

33.Жұмбақ белгі:Әр жыл мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Судан келер қауіптің алуан түрлілігі туралы білімдерін дамыту.

34.Жануарлар мен адамдар достығы:Үй жануарлары мен қолға үйретілген жануарлардан келетін қауіптің алдын алу ережелерін құруға үйрету. Жануарлардан жарақат алудан сақтану дағдыларын қалыптастыру. Өмірі мен денсаулығына мұқият бола білуге тәрбиелеу.

35.Төтенше жағдай: Белгісіз заттардан , бейтаныс адамдардан бойын аулақ ұстау дағдыларын қалыптастыру. Шұғыл әрекет етуді қажет ететін төтенше жағдайлар туралы түсініктерін дамыту.

36.Достасу мен оқиға соңы: Өмірдегі қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту. Төтенше жағдайлардан шығудың жолдарын керек кезінде қолдана білуге дағдыландыру. Үрейге берілмей , тез әрі дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиет

Негізі әдебиеттер:

1.«Жолда жүру ережесін білу, бәрімізге міндетті» Гринцевич Г.В

Қосымша әдебиеттер:

1.Қараева Қ.А, Сламбекова Н.М- Өмір қауіпсіздігі негіздері: Тазша баланың кешкендері. Алматы «Аруана» баспасы, 2007ж

2. К.М, Татымбетова М.Х «Мектеп жасына дейінгі балаларды жол ережелерімен таныстыру»-Көкшетау, Келешек 2030 ЖШС 2017ж

3.Грабова В.П, Арынбаева Ш.Қ «Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік тәртібі негіздері»-Көкшетау, Келешек 2030 ЖШС 2017ж

4.Мырзабекова Б «Айналайын, абайла!» «Осторожно дети!»Алматы; «Балауса» 2002ж

5.Жульнов Н.Я «Правила и безопасность дорожного движения» - Москва, Дрова 2008г

6.Грицевич Г.В «Жолда жүру ережесін білу- бәрімізге міндетті»-Көкшетау, Келешек 2030 ЖШС 2012ж

7.Петров В.В. «Основы безопасности в городе для детей и родителей»- Москва, Харвест, 2006г

8.Рудлях В.Э. «Жолда жүру ережелері»-Алматы «Рауан» 1990ж

9. Хрестоматия. «Қарлығаш» оқу-әдістемелік кешені. –Астана, «Арман-ПВ», 2007ж

10.Колосова Г.К «Техника әлеміне саяхат» Алматы,, «888»-2012ж

11.Сужигова А.Ү, Солтанғазина М.Қ. «Менің алғашқы энциклопедиям» «Алматы кітап» -2011ж